

“АСТАНА ЭКСПО 2017” – ӘЗЕРБАЙЖАННЫҢ КӨЗҚАРАСЫ



Тәуелсіздік алған бұрынғы Кеңес Одағы республикалары белгілеген мақсаттары, даму қарқыны мен бағыттары және өзіндік ерекшеліктеріне байланысты әркелкі сипатта дамып келгені рас. Дегенмен, тарихи, мәдени және тілдік қатынастар тұрғысынан бір-біріне етене жақын Әзербайжан мен Қазақстан маңайындағы ахуалға байланысты үндес даму бағытын таңдауы заңды құбылыс еді. Бұған жоғарыда аталған себептермен қатар екі мемлекеттің саяси

басшылығында әлемдік деңгейде танылған, тегеурінді көшбасшылардың болуы әсер еткен. Әзербайжанның жалпыұлттық көшбасшысы Гейдар Алиев пен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1990-шы жылдардың басынан бері өз елдерінің мұрат-мақсаттарын анық та ашық мәлімдеген. Бұл мақсаттарға төзімділік қағидаттарын мемлекеттік саясаттың басымдығына айналдыру, терроризм мен сепаратизмнің кез келген түрімен күресу, өңірлік және жаһандық интеграцияға бағытталған шараларға белсе-



не атсалысып, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке үлес қосу жатады.

Қос мемлекеттің бірнеше жыл бойы адам ресурстары мен саяси әлеуетін, экономикалық және қаржылық мүмкіндіктердің белгілі бөлігін осы саясатты жүзеге асыруға бағыттағанына куә болдық. Осы мақсатта тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап үлкен экономикалық маңызға ие аймақтық транзит жобаларының негізі қаланып, әлемдік

деңгейдегі гуманитарлық және экономикалық форумдар, көрмелер мен конференциялар ұйымдастырылды.

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 25 ЖЫЛЫ – ҰҚСАС САЯСИ БАҒДАРЛАР

Тарихи тұрғыдан қысқа уақыт болып табылатын 25 жылдық тәуелсіздік дәуірі Әзербайжан мен Қазақстан халықтарының төл мұрасына,





мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына және әдет-ғұрыптарына қайтадан оралып, емлекеттілік ұғымын жаңғырту, ұлттық санасынныңайту, дамудың тұрақты негіздерін қалыптастыру кезеңі болды. Айтуға тұрарлық маңызды бір жайт, бұл мерзімде тарихта тұңғыш рет Мемлекет басшыларының тікелей саяси еркімен елдеріміз өзара қатынастарын дербес сипатта анықтай бастады.

Әрине, екі бауырлас ел арасындағы өзара сенім орнығып, бір-біріне қолдау көрсету мен көмектесудің тамыры тереңде жатыр. Біздің ортақ мемлекеттілік тарихымыз мыңжылдықтармен өлшенеді. Бұған қоса, ортақ географиялық кеңістікті бөліспеген кезеңдерде де өзара тарихи байланыстарды үзбей, халықтарымыздың қатынасы мен ықпалдастығы жалғасып келген. Бұл ретте жақын кезеңдегі тарихымыз куә болған, қазірге дейін қалың жұртшылық біле бермейтін бір шындықпен бөліскіміз келеді. Бакулық миллионер, қайырымдылық істерімен танылған көзі қарақты азамат Қажы Зейнелабдин Тағиев 1910-

1913 жылдарда қаржылық қиыншылықтарға тап болған сол кездегі Қазақстанның бетке ұстар ресми басылымы «Егемен Қазақстан» (ол кезде басқа атаумен шығарылатын – ред.) газетінің 2 жыл бойыбарлық шығындарын өз мойнына алған екен. Бұл факт жай ғана қайырымдылық ісі емес еді. Бұл оқиға 100 жыл бұрын халықтарымыздың бір-біріне қаншалықты жақын болғанын, бір-бірінің жағдайын жақсы түсінгенін және өзара ықпалдастық деңгейін көрсетеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бері Мемлекет басшыларымыз достық пен бауырластық қатынастары негізінде қалыптастырған Әзербайжан-Қазақстан байланыстары қазіргі кезеңде Президент Илхам Әлиев пен Президент Нұрсұлтан Назарбаев тарапынан ойдағыдай жалғасынтабуда. Бұл жетістік прагматикалық, көреген және сындарлы саясаттың арқасында мүмкін болды. Осындай саясаттың нәтижесі болар, бүкіл дүниежүзі сенім білдіріп, ең жоғары деңгейдегі және жаһандық ауқымдағы шараларды

ұйымдастыруда біздің елдеріміздің мойнына үлкен жауапкершілік артты. Әзербайжан мен Қазақстанның бірінен кейін бірі БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып дауыс басымдығымен сайланғаны елдеріміздің аймақта және бүкіл әлемде тұрақтылық пен бейбітшілікке ұмтылатынын дәйектеп, сонымен қатар халықаралық қоғамдастықтың сенімінің көрсеткіші болып табылады.

Бұдан да зоры, Әзербайжан мен Қазақстан тек бейбітшілікті таңдаумен ғана шектелмей, дүниежүзіндегі бейбітшіліктің архитектурасын қалыптастыруға бағытталған шынайы қадамдар жасады. Әзербайжанда I Еуропа ойындары, IV Ислам Ынтымақтастық ойындары, «Формула 1» Еуропа Гран-приі сияқты дүниежүзілік деңгейдегі жарыстардың, Баку халықаралық гуманитарлық форумы, Мәдениетаралық диалог жөніндегі бүкіләлемдік форум, БҰҰ Өркениеттер Альянсының VII Ғаламдық форумы, “Көп полюсты әлемге қарай” тақырыбында IV Ғаламдық Баку форумы сияқты ірі халықаралық шаралардың өтуі

аталған елдің тұрақтылық жағдайындағы бейбіт өмірге, төзімділікке және көпмәдениеттілікке қаншалықты мән беретінінің дәлелі болса керек. Бұл сонымен қатар Бакудың өңірдің саяси, экономикалық және мәдени орталықтарының біріне айналғанын көрсетеді.

Қазақстан VII Қысқы Азия ойындары және Астанадағы ЕҚЫҰ саммиті сияқты беделді халықаралық шараларды ойдағыдай ұйымдастырып, дәстүрге айналған Астана экономикалық форумы, Еуразия медиа форумы, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының құрылтайларын өткізіп келеді. Осы жыл да Қазақстанның ТМД елдері арасында тұңғыш рет халықаралық ЭКС-ПО-2017 мамандандырылған көрмесін өткізуі елдеріміздің халықаралық қоғамдастықтағы беделін және сенімді ақтағанынын көрсетеді. Бұдан кейін әлемдік деңгейдегі алқалы жиындар мен ірі басқосулардың орталығына айналған мемлекеттерімізге деген сенім артып, Әзербайжан ЭКСПО-2025 халықаралық көрмесін өз жерінде өткізуге өтініш білдірген



Ресей, Франция және Жапония сияқты дамыған мемлекеттермен қатар аталған мүмкіндік үшін ұмтылатын болады.

Әрине, халықаралық деңгейде елді таныстыру және экономикалық тұрғыдан аса тиімді жобалардың бірі ЭКСПО көрмесінің маңыздылығы даусыз. Мамандар жүргізген зерттеулер көрсеткеніндей, қазірге дейін “ЭКСПО” көрмелері өткен қалалардың барлығы дерлік түбегейлі өзгерістерді басынан өткізіп, қалалардың экономикалық маңызы күрт артып, жаңа туристік орталықтарға айналған.

“АСТАНА ЭКСПО-2017: БОЛАШАҚТЫҢ ЭНЕРГИЯСЫ” ҚАЗАҚСТАНҒА НЕ БЕРЕДІ?

Негізінде, барлық “ЭКСПО” көрмелерінің мақсаты ұқсас келеді. Қазақстан өткізген “ЭКСПО-2017 Болашақтың энергиясы” атты халықаралық мамандандырылған көрмесі балама және жаңартылатын энергия саласында қоғамдарды ақпараттандырып, жаңалықтар мен жетістіктерді халықпен бөлісуді, тұрақты дамуға қолдау көрсетіп, диалог арқылы

тәжірибемен бөлісуді мақсат тұтады. Бұл үш айға созылатын ауқымы өте кең көрме барысында әлемге танымал қайраткер тұлғалар, ірі мамандар, мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдар өкілдері мен саясаткерлердің басын қосатын дүниежүзілік маңызы бар шара.

Астана ЭКСПО-2017 көрмесінің ашылу салтанатына 17 мемлекет және үкімет басшысының қатысуы және арасында Әзербайжан да бар 115 елмен 22 халықаралық ұйымның өз павильондарын ұсынып, белсене қатысуы көрмеге көрсетілеген қызығушылық пен қолдаудың белгісі болып табылады.

Астана ЭКСПО-2017 халықаралық ынтымақтастық пен дамуға арналған үлкен платформа деп айтуға болады. Аталған алаңадамзат бетпе-бет келген басты проблемаларды шешу үшін дүниежүзін біріктіріп отыр. Көрмеде қатысушылар өз стендтерімен павильондарын құрып, кез келген сала бойынша өз елдерінің жетістіктері мен тәжірибесін әлемге паш етеді. Бұдан бөлек, конференциялар, семинарлар мен талқылаулар ұйымдастырылып, пікір ал-





масылып, ынтымақтастықтың жаңа пішіндері мен үлгілері ұсынылады.

Халық осындай халықаралық шараларға қатысудың арқасында білімін толықтырады, демалып дүниетанымын жаңартады. Яғни, ЭКСПО аясында өткізілетін шаралар қатысушылардың білімкөкжиегін кеңейтіп, адамдардың дүниеге деген көзқарастарын байытады, практикалық ақпарат жинауға мүмкіндік береді. Инновациялық архитектурасының өзі ЭКСПО-2017 көрмесін тартымды орталыққа айналдырып отыр. Интерактивтік көрмелер, жоғары технологиялар және ауқымды мәдени бағдарламалар келушілер үшін ұмытылмас сәттер сыйлары хақ.

ЭКСПО-2017 баламалы энергетика саласында ынтымақтастық пен халықаралық байланыстарды нығайтып, жаңа экономикалық мүмкіндіктер ұсынады. Көрмеде қатысушы мемлекеттер өз жетістіктерін, ұлттық мақтаншықа айналған тауарларын, мәдениетін және жаңа инновациялық идеяларын дүниежүзілік аудиторияға ұсынып, халықаралық имиджін

қалыптастырумен қатар жаңартылатын энергия мен табиғи энергетика саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың орнығып, дамуына түрткі деп күтілуде.

Осы тұрғыдан, Қазақстан үшін ЭКСПО-2017 мамандандырылған көрмесі елдің сыртқы нарықтарға танылып, экономикалық дамуы үшін таптырмас мүмкіндік. Бұл көрме Қазақстанның халықаралық бет-бейнесін жақсартуға қолайлы жағдай жасап, елдің нақты бір сала бойыншаөзін әлемдік деңгейдегі биік тұғырға көтеруге серпін береді. Мұндай мамандандырылған көрмелер елдің дамуына қозғау салатын ең әсерлі бірі анық. Осы бастама арқылы жаңа инфрақұрылымдар, тасымалдау желілері және бизнес салалары өркендеп, сыртқы әлемнің алдында елдің инвестициялық ахуалы жақсарады. Осы орайда ең танымал ғимараттардың кейбірі ЭКСПО көрмесінен кейін ұлттық брэндке айналғанын айрықша атап өткен жөн. Мәселен, 1851 жылы әлемде біріншірет өткен ЭКСПО көрмесі үшін арнайы Лондонда тұрғызылған "Crystal Pala-



се” сарайы, 1889 жылы өткен ЭКСПО көрмесіне арналып салынған және Францияның рәмізіне баланған Эйфел мұнарасы осы күнге дейін аталған елдерге миллиардтаған кіріс әкелуде.

Осылайша, әлемнің ең жас астаналарының бірі Астана қаласы ЭКСПО-2017 мамандандырылған көрмесін өткізудің арқасында келесі жаңа жетістіктерді қамтамасыз етеді:

- Астана қаласы халықаралық деңгейде таныла түседі;
- Қаланың және елдің жағымды имиджі нығаяды;
- Көрме «Smart City»– болашақтың қаласы Астананың балама энергетика саласында көш ілгерілеуіне септігін тигізіп, осы бағытта жаңа даму бағыттарын қалыптастырады;
- Қазақстанның астанасы заманауи туризм орталығына айналып, қаланың халықаралық алаңдағы экономикалық тартымдылығы артады;
- “Қала ішінде қала”салынып, Астана жаңа инфрақұрылымдық жүйенің негізін құрайды;
- Ұлттық және халықаралық деңгейлерде

қоршаған орта мәселелерімен қоса балама энергия көздерінің дамуына назар аударылады;

- Елдің туризм өндірісіне күшті қолдау көрсетіліп, қоршаған ортаны қорғау және экотуризм салалары дамиды;
- Уақытша және тұрақты жұмыс орындары ашылып, қала халқының өмір сүру деңгейі көтеріледі.

Бұған қоса, Астана ЕХРО-2017 көрмесі аяқталғаннан кейін де ұзақ мерзімге арналған инфрақұрылым халықтың игілігіне қызметі ете береді. Көрмеден кейін аталған инфрақұрылым халықаралық қаржы орталығы рөлін атқаратын болады. Сонымен қатар, Астананың қаржы орталығы ретінде дамуы келешекте ел халқының демографиялық құрылымының географиялық жағдайға сәйкес қалыптасуын қамтамасыз етеді.

ЕХРО көрмесі тарихына көз жүгіртсек, кейбір мемлекеттер аталған көрмелерден үлкен пайда келтіргеніне қарамастан, ендігі кейбір елдердің күткен нәтижелері ақталмағаны рас. Дегенмен, қысқа мерзімде нақты табыс әкелмеген күннің өзінде, аталған көрмелерді өткізген мемлекеттердің болашаққа қарай дамуына күшті серпін болары даусыз. Жал-

пы алғанда, осындай халықаралық маңызы бар шаралардың пайдасы тек көрме өткен кезеңде елге кірген валютамен немесе капиталдың көлемімен өлшеп есептеу дұрыс емес. Бұл шаралар жақын және ұзақ мерзімдік мақсаттарға арналады және мемлекеттің ба-сым бағыттарының келешегін анықтап, елдің сапалы дамуына түрткі болады.

Экономикасы шикізат экспортына негізделген Қазақстанның болашақтың энергиясына инвестиция салуы, EXPO көрмесін бала-ма энергетиканы дамыту тақырыбына арнауы елдің халықаралық тұғыры мен бет-бейнесін нығайтып, ұлттық экономикаға зор үлес қосары анық. Бір жағынан, Қазақстан үкіметі жыл-дам индустриялану үрдісіне үлкен мән беріп, аталған өнеркәсіптену жоспары сәтті жүзеге асқан жағдайда энергия тұтынымы да артатын болады. Электр энергиясына деген сұранысты қанағаттандыру үшін Қазақстан қазіргі кезеңде

көмір мен мұнай өнімдерін пайдаланғанымен 2030 жылға қарай энергетика саласында жаңартылатын қуат көздерінің үлесін 11% пайызға көтеруді жоспарлап отыр. Осылайша, Астана EXPO-2017 көрмесі жаңартылатын энер-гия саласына және жалпы даму келешегіне же-келеген мемлекеттермен қатар бүкіл әлемнің назарын аударып, құйылған инвестициялардың жетістіктерін паш етуде.

Аталған көрменің бауырлас Қазақстанда ұйымдастырылуы бүкіл Түркі әлемінің мақтанышына айналып, тек Орталық Азия аймағының ғана емес, сонымен дүниежүзінің энергетика мәселелерін шешуде балама қуат көздеріне басымдық беріліп отыр. Біздің ойымызша, болашақтың энергиясы тақырыбына қатысты соны идеялар мен жаңа көзқарастар талқыланып, басымдыққа айналуына және балама энергетика саласында жаңа дәуірдің басталып дамуына ықпал етеді. ✪

